

Жеңіл өнеркәсіп бойынша 2020 ж. қаңтар-қарашаға арналған дайджест



САЛАНЫҢ
НЕГІЗГІ
КӨРСЕТКІШТЕРІ

Жеңіл өнеркәсіп өндірісі көлемінің динамикасы, млрд. теңге




Түсінік:

ҚР жеңіл өнеркәсіп өндірісі көлемі 2020 жылғы қаңтар-қарашада 113,1 млрд. теңгені құрады, бұл, номиналды түрде 2019 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 13,5% жоғары. Физикалық көлем индексі 2020 жылғы қаңтар-қарашада 115,5% құрады. Өсу жеңіл өнеркәсіптің барлық ішкі салаларында байқалады. Тоқыма өнімдері өндірісі – 104,5%, өсу мақта талшығы, мақта мата өндірісі көлемінің өсуі есебінен болды. Киім өндірісінің ФКИ 103,7% өсуі мемлекеттік-корпоративтік тапсырыс бойынша арнайы киім жеткізу есебінен. Былғары және оған жататын өнім өндірісінің 241,9% өсуі аяқ киім компаниялары есебінен, атап айтқанда, былғары аяқ киім өндірісінің өсуі есебінен (арнайы аяқ киім) болды.

ҚР өңірлері бойынша жеңіл өнеркәсіп өнімінің
2020 ж. қаңтар-қарашадағы өндірісі, млрд. теңге


(Саланың негізгі шоғырлануы: Түркістан облысы, Шымкент қ., Алматы облысы)





**Жеңіл өнеркәсіп өнімі негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-қарашада
2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда өндіріс көлемі**

*Жоғары өсу: үсті былғарыдан жасалған аяқ киім 6,8 есе, мақта талшығы (+37%),
мақта мата(+55%).*

Барынша төмендеу: свитер, джемпер, пуловер, кардиган, жилет және осыған ұқсас машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж бұйымдар (-46%), сыртқы трикотаж киім (-45%), сыртқы ерлер киімі (-33%).



САУДА ЖӘНЕ САТУ НАРЫҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ



Экспорт

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің экспорты 2020 ж. қаңтар-қазанда 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 23% қысқарды және 114,4 млн АҚШ долл. құрады. Жеткізулерді қаңтар-қырк. барлық елд ... 2020 пандемиясы байланысты карантин шараларын енгізумен түсіндіреді.

Импорт

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің импорты 2020 ж. қаңтар-қазанда 1433,8 млн АҚШ долл. құрады, бұл, 2019 ж. көрсеткіштен 2% жоғары. Өсу Қытай, Түркия және Италиядан жеткізілімдердің артуына байланысты.

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-қазандағы экспорт/импорт құрылымы

ТАУАР АТАУЫ	ЭКСПОРТ
Мақта талшығы	50%
Мата және м/м иірімжіп	11,3%
Төсек-орын тысы	7%
Сіндірілген, поливинилхлоридпен қапталған немесе қатырмаланған тоқыма материалдары	5,4%
Полиэтилен немесе полипропиленнен жасалған қаптар	5%
Басқа	21,3%
Барлығы	100%

ТАУАР АТАУЫ	ИМПОРТ
Аяқ киім	18%
Ерлер және әйелдер киімі	15%
Басқа дайын өнімдер	4%
Кілемдер және кілем өнімдері	3%
Саквояж, чемодан, әйелдер сөмке-чемоданчигі	2,8%
Басқа	57,2%
Барлығы	100%

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАН



Семейдегі былғары зауыты өндірісті қалай қалпына келтірді және экспортқа шықты



Бұған дейін кәсіпорын 10 жыл тоқтап тұрды. Семейдегі Былғары зауыты жарты жылдық жұмыс ішінде өндірісті қалпына келтірді және экспортқа шықты. Кәсіпорын шетелде сұранысқа ие және Қазақстанда өндірілмейтін желатин мен белкозин өндіруді бастауды жоспарлауда. Комбинат негізгі қызмет түрі бойынша іске қосылған: ІҚМ терісін өңдеу, былғары өнім өндіру және сату – wet blue экспортқа бағытталған хромдық иленген былғары полуфабрикаты. Қазақстанның Инвестициялық қорының деректері бойынша 2021 жылы зауыт өндірісті ұлғайтады. Кәсіпорынның коммерциялық директоры Олеся Бауэрдің айтуынша желтоқсанда кәсіпорын 250 тонна шикізатты қайта өңдеуге алады және қаңтардан бастап ай сайын арттырып отыруды жоспарлаған: 300 тонна, 350 тонна және әрі қарай.

«Біз сапасыз шикізат алатындықтан Қазақстанда теріні кейіннен өңдеуді көздейтін арнайы союдың кең тәжірибесі жоқ. Осы зауыт үшін жаңа өнім - белкозин мен желатин өндіруді жолға қою жоспарымызда бар», - дейді ол. «Semey Tannery» ЖШС атқарушы директоры Руслан Бисенов хабарлағандай зауыт приобрел 800 тонна ІҚМ терісін сатып алды және пандемияға байланысты әлі ең жоғары қуатқа көшкен жоқ.

«Елдер мен аймақтар арасында шекаралар жабық болған кезеңде біз дайын өнім экспорттай алмадық, қажетті химикаттарды импорттай алмадық, өңірлерден шикізат ала алмадық. Оңай болған жоқ, бірақ, біз беріспедік, ақырындап өндіріс қарқынын өсірудеміз. Қазіргі уақытта зауыт жүктемесі 30-40% құрайды. Қазанда өнімнің алғашқы партиясы экспортқа жөнелтілді.

Біз Қазақстан бойынша шикізат сатып алу желісін құра алдық және отандық тауар өндірушілермен серіктестік орнаттық», - деді Руслан Бисенов. Бұған дейін 2020 жылғы маусымда ИФК (балансына зауыт өткен) және Kusto Group компаниясының халықаралық тобына енетін «Semey Tannery» ЖШС арасында Семейдегі былғары комбинатын алдағы уақытта сатып алу құқығымен мүлікті жалдау шартына қол қойылғандығы хабарланды. Инвестор бірқатар жөндеу жұмыстарын жүргізді және 2020 жылғы тамызда жұмысты бастады. Айына комбинатта 250 тоннаға дейін шикізат өңдейді. Комбинаттың ең жоғарғы қуаты жылына wet blue полуфабрикатының 1,7 млн ш. м. дейін құруы мүмкін. Полуфабрикат өндірісі технологиясында пайдаланылатын шикізат пен қажетті химиялық препараттар жергілікті жеткізушілермен жеткізіледі, сондай-ақ, ішінара Ресейден сатып алынады. Wet blue – хромдық иленген былғары полуфабрикаты, оның өндірісі үш фазалы илегіш процестен тұрады. Полуфабрикат жоғары сапасымен қатар беріктігімен және қолайлы өзіндік құнымен ерекшеленеді. Бұл полуфабрикатты жеңіл, бірақ, жылы куртқалар, аяқ киім, аксессуарлар (әр түрлі тысқаптар, белдіктер) өндірісі үшін пайдалануға болады.

Дереккөз: polpred.com

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҢИҒАЛАР. ӘЛЕМ.



Қырғызстанда тоқыма экспорты екі есе төмендеді



Пандемияға байланысты Қырғызстанда киімге деген сұраныс күрт төмендеді, шетелдік сатып алушылар тапсырыстар беруді тоқтатты. Осыған байланысты елдегі текстиль экспорты екі есе төмендеді. «Қазір жеткізулер саны екі есеге қысқарды. Сұраныс жоқ. Мәскеудегі қоймамыз қазір толып тұр. Онда 2020 көктем-жаз топтамасы. Экспорт көлемінің төмендеуінен болған залалды біз қатты сезінудеміз, бірақ, олардың қызметкерлерімізге әсер етпеуіне тырысудамыз. Біз ешкімді қысқартпадық және жалақыны азайтпадық. Әйтпесе, бізде 10 жылдан артық жұмыс істейтін мамандардан айырылып қалатын едік». Ондаған кәсіпорындар жабылып қалды, себебі, шикізат жоқ. Пандемияға байланысты елдер жүк тасымалдауды қысқартты. Тігін цехтары былтыр 115 млн долларға тауар өндірді. Биыл осы көлемнің жартысын ғана өндірді. Кейбір кәсіпорындар қайта профильдеудің арқасында жұмыс істеп тұр – маскалар мен қорғаныс комбинезондарын тікті. Төтенше жағдай жариялануға байланысты кәсіпорындар тоқтатылып, адамдар жалақысы сақталмайтын демалысқа жіберілді. Бірақ, адамдар, кәсіпорындар бәріне шыдады. Қазір өз қызметтерін ақырындап қалпына келтіруде. Қазіргі уақытта барлық кәсіпорындар пайдалануға берілді және жыл басында жасалған келісімшарттар бойынша қысқы киімдер тігуде.

Дереккөз: polpred.ru

ЕЭК аяқ киім өнеркәсібіне арналған шикізатқа бажды алып тастады

Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесі тері, аяқ киім өндірісінде әрлеу материалдары ретінде пайдаланылатын химия өнеркәсібінің бірқатар тауарларына әкелім кеден баждарының мөлшерлемелерін алып тастады, деп хабарлады ЕЛТА корреспондентіне ЕЭК сауда блогының өкілі Алексей Ашихмин.

«Тиісті бастамамен Ресей ұсыныс жасады. 0% мөлшеріндегі баждар үш жылға белгіленетін болады. Атап айтқанда, бастапқы формадағы эфир спирттері, илік заттектер және полиуретандар туралы», - деп түсіндірді сауда блогының өкілі. Шешім былғары, тері-галантерея өнімі және аяқ киім өндірушілерді қолдауға бағытталған. Бірақ, Еуразиялық экономикалық одақта бұл өнім өндірілмейді. «Жеңіл өнеркәсіп ЕАО шеңберінде кооперациялық ынтымақтастықты дамыту үшін басым бағыт екендігін ескере отырып, ұсынылып отырған шара тиімділігі өндірістік қызмет жағдайларын жақсарту, былғары аяқ киім саласын дамыту, дайын өнімнің өндіріс көлемін ұлғайту және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға әсер етеді», - деді ЕЭК сауда жөніндегі алқасының мүшесі (министр) Андрей Слепнев.

ЕЭК алқасы қыркүйекте былғары өңдеуге арналған бояулар, лактар, дайын су пигменттер және былғары аяқ киім өндірісіне арналған беткі белсенді заттарға баж мөлшерлемелерін төмендетті.

Дереккөз: polpred.ru